

**"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау посттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 238 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 наурыздағы № 258 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 697 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.07.2013 № 697 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау посттарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 238 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 10, 128-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау посттарының тізбесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау посттары.

Р/с №	Посттың атауы	Облыстың немесе қаланың атауы	Автожолдың атауы
1	2	3	4
1.	Бурабай	Ақмола	Астана - Петропавл, 253 км
2.	Еркін	Алматы	Алматы - Өскемен, 270 км
3.	Қарабұтақ	Ақтөбе	Самара - Шымкент, 965 км
4.	Қобда	Ақтөбе	Орал - Ақтөбе, 618 км
5.	Семей	Шығыс Қазақстан	Омбы - Майқапшағай, 757 км
6.	Ақжайық	Батыс Қазақстан	Орал - Атырау, 126 км
7.	Молодежный	Қарағанды	Қызылорда - Павлодар - Успенка - Ресей Федерациясының шекарасы, 1066 км

8.	Жезқазған	Қарағанды	Қызылорда - Павлодар - Успенка - Ресей Федерациясының шекарасы, 426 км
9.	Қарабалық	Қостанай	Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Алматы, 422 км
10.	Ақтай	Қызылорда	Қызылорда - Павлодар - Успенка - Ресей Федерациясының шекарасы, 10 км
11.	Бейнеу	Маңғыстау	Доссор - Құлсары - Бейнеу - Сай - Өтес - Шетпе - Жетібай - Ақтау порты, 844 км
12.	Ленинский	Павлодар	Қызылорда - Павлодар - Успенка - Ресей Федерациясының шекарасы, 1364 км
13.	Мамлютка	Солтүстік Қазақстан	Челябинск - Новосибирск, 496 км
14.	Шақпақ Баба	Оңтүстік Қазақстан	Алматы - Ташкент, 594 км
15.	Қызыл Жар	Астана қаласы	Екатеринбург - Алматы, 1281 км

».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
С. Ахметов*